10) жеке жауаптылықта болады:

қаржы - шаруашылық қызметіне және Кәсіпорын мүлкінің сақталуы үшін;

таза табыстың белгіленген бөлігін уақтылы бюджетке аударғаны үшін.

11) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

22. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару бойынша барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.

5-тарау. Байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорынды басқарудың ерекшеліктері

23. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің мынадай өкілеттіктері бар:

1) тиісті саланың уәкілетті органына шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның

САЙРАМ АУДАНДЫҚ ТІРКЕУ ЖӘНЕ КАДАСТР БӨЛІМІ
ТЕКСЕРІЛДІ

даму жоспарының жобасы бойынша, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қорытынды береді;

2) даму жоспарының орындалуы туралы есептің жобасын келіседі, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның жылдық қаржы есептілігін алдынала бекітеді;

3) демеушілік, қайырымдылық көмектер мен қосымша көздерден алынған қаражатты, оның ішінде шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның иелігінде қалған таза табыстың бір бөлігін бөлу туралы шешім қабылдайды;

4) бюджет қаражаты мен қосымша көздерден алынған қаражаттың нысаналы пайдаланылуын бақылау үшін шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады және көрсетілген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын тексеруді жүзеге асыру үшін тиісті саланың уәкілетті органына ұсыныстар енгізеді;

5) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және онымен еңбек шартын бұзу мәселелері бойынша тиісті саланың уәкілетті органының ұсыныстарын келіседі;

6) ұжымдық шартты әзірлеуге қатысады және қосымша қаржы көздерінен, даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде кәсіпорын қызметкерлерінің, басшысының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық жалақыларына үстемеақы белгілеу, сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету бөлігінде шешімдер қабылдайды;

7) байқау кеңесінің хатшысын тағайындайды, оның өкілеттік мерзімін және жалақысының мөлшерін айқындайды, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

8) тиісті саланың уәкілетті органына шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

9) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстар тұжырымдайды;

10) тиісті саланың уәкілетті органына шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы ұсыныстар енгізеді;

11) тиісті саланың уәкілетті органына шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның филиалдарын, өкілдіктерін құру және жабу туралы ұсыныстар енгізеді.

24. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің отырыстары қажет болуына қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

25. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысын оның төрағасы өз бастамасы бойынша, тиісті саланың уәкілетті органының, байқау кеңесі мүшесінің немесе шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорын басшысының талап етуі бойынша шақыруы мүмкін.

26. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысы, егер шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің барлық мүшелері оның өтетін уақыты мен орны туралы хабардар етілсе және отырысқа шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, заңды болып табылады. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшесінің өз дауысын байқау кеңесінің басқа мүшесіне немесе өзге жеке тұлғаға (сенімхат бойынша) беруіне жол берілмейді.

27. Байқау кеңесінің әрбір мүшесі дауыс беру кезінде бір дауысқа ие болады. Дауыстар тең болған жағдайда шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі төрағасының дауысы шешуші дауыс болып табылады.

28. Байқау кеңесінің шешімдері жазбаша нысанда ресімделеді және оларға байқау кеңесінің барлық мүшелері қол қояды.

6-тарау. Кәсіпорынның мүлкі

29. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

30. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

31. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктең

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

32. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

33. Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

34. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

ЖӘНЕ КАЛАСТР БӨЛ
ТЕКСЕРІЛ

35. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

36. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

37. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңның 144, 154, 162 - баптарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

38. Кәсіпорын (шаруашылық жүргізу құқығындағы) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның және жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу бойынша не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының жазбаша келісімімен тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша мыналарға:

1) филиалдар, өкілдіктер құруға;

2) оған тиесілі акционерлік қоғамдардың акцияларына, сондай-ақ дебиторлық берешегіне билік етуге;

3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге;

4) қарыздар беруге құқылы.

39. Кәсіпорын осы Жарғының 38 - тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның жазбаша келісімімен ғана (немесе жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының) беруге және есептен шығаруға құқылы.

40. Кәсіпорын оған шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

41. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі немесе меншік иесі (мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган, жергілікті атқарушы орган не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппараты) өзгеше белгіленбесе, осы Жарғының 40 және 42 - тармақтарында көрсетілген мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын (шаруашылық жүргізу құқығында) дербес пайдаланады.

7-тарау. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

42. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

43. Кәсіпорындар таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

44. Кәсіпорын өзі өндірген өнімді дербес өткізеді.

45. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның жарғысында көзделмеген, қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп кағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

8-тарау. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

46. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері (шаруашылық жүргізу құқығындағы 46 153 657 (қырық алты миллион жүз елу үш мың алты жүз елу жеті) теңгені құрайды.

Жарғылық капиталды меншік иесі (құрылтайшы) Кәсіпорынның мемлекеттік тіркелуі кезіне толық қалыптастыруы тиіс.

47. Кәсіпорынның жарғылық капиталы меншік иесінінен жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін басқаруға алынған мүліктен қалыптасады.

9-тарау. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

48. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша халықаралық стандарттарына (шаруашылық жүргізу құқығындағы) және қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттарына сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

49. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

ҰЛАНДЫҚ ТІРКЕУ
ЖӘНЕ КАДАСТР БӨЛІМІ
ТЕКСЕРІЛДІ

50. Байқау кеңесімен Кәсіпорын байқау кеңесінің, басшының, тиісті саланың уәкілетті органының бастамасы бойынша Кәсіпорын қаражаты есебінен қаржылық есеп беру аудитін жүргізеді.

10-тарау. Кәсіпорынның жауапкершілігі

51. Шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді және мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

52. Мемлекет құрылтайшының, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесе тиісті саланың уәкілетті органының іс-әрекеттерінен туындаған банкроттық жағдай болса. Бұл жағдайларда мемлекет шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның қаражаты кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша жауап береді.

53. Жедел басқару құқығындағы Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Осы заңды тұлғаның тарату жағдайларын қоспағанда, қазыналық кәсіпорынның қалған мүліктін алып қоюға жол берілмейді.

54. Жедел басқару құқығындағы Кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қазыналық кәсіпорынның ақшасы жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

11-тарау. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

55. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы органы және жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппараты белгілейді.

56. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын (шаруашылық жүргізу құқығындағы) дербес айқындайды.

57. Жедел басқару құқығындағы кәсіпорын жұмыскерлерінің еңбекке ақы төлеу жүйесін "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен белгілейді.

58. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорының басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін тиісті саланың уәкілетті органы, және коммуналдық мемлекеттік кәсіпорының басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін - жергілікті атқарушы орган және жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты белгілейді.

12-тарау. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

59. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

60. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

13 - тарау. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

61. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасы Үкіметі немесе жергілікті атқарушы органының және жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты шешімі бойынша жүргізіледі.

62. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, республикалық Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

Коммуналдық Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды жергілікті атқарушы орган немесе аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімімен және жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу бойынша ауандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты жүзеге асырады.

63. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган немесе

ЕРІЛДІ

(облыстық маңызы бар қала) әкімімен және жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты қайта бөледі.

64. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

14-тарау. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

65. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның бұйрығымен енгізіледі.

Коммуналдық Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды жергілікті атқарушы орган не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты жергілікті бюджеттен қаржыландыратын, облыстық коммуналдық мүлкіне билік етуге өкілетті атқарушы органға өкілеттік беріледі.

ЕРІЛДІ

ЖАДЫНАМА

Қатты тұрмыстық қалдықтар палигоны
Сайрам ауданы
Қарабұлақ ауылдық округі, Қарабұлақ елді мекені

1..Аудан әкімінің қаулысы - **№271 24.05.2019ж**
2.Мемлекеттік акт (№, берілген күні)-**№50 кад №19-295-0342765 27.11.2019ж**
3.Мемлекеттік санитарлық қорытынды (№, күні) **15.11.2016ж №18-1-15-621**
4.Мемлекеттік Экологиялық қорытынды (№, күні) **№KZ55RXX00008725 22.01.2020ж**
5. Қоршаған орта эмиссиясына рұқсат қағазы (№, күні) **№KZ04VCZ00443027 04.09.2019ж**
6.Полигонға арнайы жолдың бары жоқтығы (подьезная дарога) **бар**
7.Қоқыстарды көму алаңының болуы (котлован) - **бар**
8.Полигон аумағының қоршауы **- бар**
9.Көгалдандыру қанша ағаш егілген **–бар**
10.Жарықтандыру – **бар**
11. сумен жабдықтау – **бар**
12Дизенфекциялық- бақылау ваннасы**- бар**
13. Қоқыспен келген автокөлікті өлшеуге арналған таразы – **жоқ**
14.Полигонға келіп түскен қоқысты арнайы есепке алу журналы- **бар**
15. Полигонда ликвидациялық қор құрылған ба(келісім-шарт, №, күні, соммасы) **№00095717 27.03.2018ж**
16.Полигон аумағында қалдықтарды сұрыптау жүргізілуі – **16%**
17. Полигон аумағында қалдықтарды бөлек жинау- **бар**

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ӘКІМДІГІ

ҚАУЛЫ

2014 жылғы 9 қазан

Шымкент қ.

№ 323

Сайрам ауданы әкімдігінің «Қарабұлақ ауыл округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне тұрақты жер пайдалану құқығымен жер учаскесін беру туралы

Қазақстан Республикасының Жер және Экологиялық кодекстеріне сәйкес, «Қарабұлақ ауыл округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне жер телімін беру туралы» Сайрам ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 18 сәуірдегі №309 қаулысы және облыстық жер комиссиясының 2014 жылғы 28 тамыздағы №40 қорытындысы негізінде облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сайрам ауданы әкімдігінің «Қарабұлақ ауыл округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне тұрақты жер пайдалану құқығымен 6,5 гектар жер учаскесі елді мекендердің тұтыну қалдықтарын орналастыру жөніндегі объектілерді салу үшін берілсін.

2. Көлемі 6,5 гектар жер учаскесі заңнамада белгіленген тәртіппен ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер санатынан өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жерлер санатына ауыстырылсын.

3. «Қарабұлақ ауыл округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі 382200,0 (үш жүз сексен екі мың екі жүз) теңге сомасындағы ауыл шаруашылығы өндірісінің шығасысын бюджет кірісіне өтесін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Е.Э. Садырға жүктелсін.

Облыс әкімі А.Мырзахметов

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ӘКІМДІГІ

КСЕРОКӨШІРМЕ
КСЕРОКОПИЯ

ҚАУЛЫ

9 октября 2014 года

Шымкент қаласы

О предоставлении государственному учреждению «Аппарат акима Карабулакского сельского округа» акимата Сайрамского района права постоянного землепользования на земельный участок

В соответствии с Земельным и Экологическим кодексами Республики Казахстан, на основании постановления акимата Сайрамского района от 18 апреля 2014 года №309 «Қарабұлақ ауыл округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне жер телімін беру туралы» и заключения областной земельной комиссии от 28 августа 2014 года №40, акимат области **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Предоставить государственному учреждению «Аппарат акима Карабулакского сельского округа» акимата Сайрамского района право постоянного землепользования на земельный участок площадью 6,5 гектаров под строительство объектов по размещению отходов потребления населенного пункта.

2. Перевести земельный участок площадью 6,5 гектаров земель сельскохозяйственного назначения в категорию земель промышленности, транспорта, связи, для нужд космической деятельности, обороны и иного несельскохозяйственного назначения в установленном законодательством порядке.

3. Государственному учреждению «Аппарат акима Карабулакского сельского округа» акимата Сайрамского района возместить потери сельскохозяйственного производства в сумме 382200,0 (триста восемьдесят две тысячи двести) тенге в доход бюджета.

4. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима области Садыра Е.А.

Акима области А.Мырзахметов

КЕЛЕСІ БЕТКЕ ҚАРАҢЫЗ
СМОТРИТЕ НА ОБОРОТЕ

КСЕРОКӨШІРМЕ
КСЕРОКОПИЯ

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

САЙРАМ АУДАНЫ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ САЙРАМСКОГО РАЙОНА

ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

18.04.2014

Ақсу ауылы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 309

село Аксу

«Қарабұлақ ауыл округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне жер телімін беру туралы

Қазақстан Республикасының 20.06.2003 жылғы Жер кодексінің 43, 90 баптарына және Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабы 1 тармағының 10 тармақшасына сәйкес ұсынылған материалдарды, «Қарабұлақ ауыл округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жер телімін беру туралы 2014 жылғы 10 сәуірдегі №1102 (2014 жылғы 10 сәуірдегі №5/260) хатын, аудандық тұрақты жер комиссиясының 2014 жылғы 17 сәуірдегі №10 қорытындысын қарай келіп, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1.Қарабұлақ ауыл округі аумағындағы арнаулы жер қорынан жалпы көлемі 6,5 гектар жайылымдық жер телімі күл-қоқыс тастайтын полигон үшін «Қарабұлақ ауыл округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне тұрақты пайдалануға берілсін.

2.Бөлінетін жер телімінің құқы иеліктен шығарылмайтын, тұрақты жер пайдалану құқы түрінде белгіленсін.

3.Байланыс, электрмен жабдықтау, су құбырлары мен канализация жүйелерін қызмет көрсету және жөндеу үшін тиісті ұйымдарды мүмкіндігінше қамтамасыз ету мақсатында жер теліміне сервитуттар белгіленсін, сондай-ақ аумақты тиісті санитарлық жағдайда ұстау және көгалдандыру жайы сұралсын.

4.«Қарабұлақ ауыл округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі жерді ауыл шаруашылығына қатысы жоқ мақсаттарға пайдалану үшін ауыл шаруашылығының жерінен алынуына байланысты өндіріске келтірілген барлық сомасы 382200,0 теңге зиянды ҚР ҚМ Қазынашылық комитеті мемлекеттік мекемесінің есеп шотына KZ24070105KSN0000000, БСК KKMFKZ2A, КОД 201901, СТН 581100016222, ЖСН 021140001959, ауыл шаруашылығы өндірісіндегі шығасы жер учаскесіне құқық беру туралы қаулы қабылданған немесе ауыл шаруашылығы алқаптарының нысаналы мақсаты өзгерген кезден бастап алты ай мерзімде Сайрам ауданы бойынша салық комитетіне төлесін.

5.Сайрам аудандық жер қатынастары бөлімі «Қарабұлақ ауыл округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне 6,5 гектар жер теліміне тұрақты жер пайдалану акт берілуін қамтамасыз етсін.

6.Сайрам аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі есептік жер құжаттарына өзгерістер енгізілсін.

7.Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінен осы қаулыны бекіту сұралсын.

8.Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Г.Аязовка жүктелсін.

Аудан әкімі **У.Қайназаров**

КЕЛЕСІ БЕТКЕ ҚАРА
СМОТРИ НА ОБОРОТЕ

0001781

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ
САЙРАМ АУДАНДЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ

БҰЙРЫҚ № 111

Сайрам ауданы әкімдігінің "Таза ауыл" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнын мемлекеттік тіркеу туралы

Ақсу ауылы **2017 жылғы «7» маусым**

Құжаттардың түскен күні: 01.06.2017 ж.;
Заңды тұлғаның атауы: Сайрам ауданы әкімдігінің "Таза ауыл" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
БСН: 170640008093;
Заңды тұлғаның мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 160800, Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданы, Қарабұлақ ауылдық округі, Қарабұлақ ауылы, Т.Рүстемов көшесі, 34 үй;
Заңды тұлғаның құрылтайшылары: "Сайрам ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі;
Бірінші басшығы: Эркатаев Самандар Абдикаримович (ҚР АЖК № 024468669 20-10-2009 ж., ҚР ӘМ берілген, ЖСН 930629301329);
Жарғылық капиталдың көлемі: 46153657.00 теңге;
Қызметтің негізгі түрлері: Қауіпсіз қалдықтарды өңдеу және жою;
Тіркеу төлемі: 14748 (он төрт мың жеті жүз қырық сегіз) теңге 50 тиын, түбіртек 105429 «Қазпочта» АҚ, 14748.5, төлеуші 020940000997, БСН 020940000997.

Қазақстан Республикасының «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Заңының 6 бабын басшылыкка ала отырып,

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н:

1.Сайрам ауданы әкімдігінің "Таза ауыл" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны мемлекеттік тіркелсін және 07.06.2017 ж. № 1675-1958-11-МК заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасы берілсін.

2. Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтері Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің Ұлттық тізіліміне енгізілсін.

Басқарма басшысы **З.Тюмебаев**

Бөлім басшысы **А.Саметова**